



# РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

Турбуленттік ғасырлар  
(б.з. 200–600 жж.)





## Кіріспе

Росс Данн мен Лора Митчеллдің «Панорама» оқулығына сүйене отырып, империялардың өмір сүру циклы жайында көп деректер алуға болады. Империялар ешқашан да мәңгілікке созылмайды, бірақ, екі ғасырдан сәл астам уақыт ішінде әлем тарихындағы ең үлкен төрт мемлекет құлап ыдыраған: Қытайдағы Хань империясы, Парсы империясы, Орталық және Оңтүстік Азиядағы Кушан патшалығы, барлығы б.з. III ғасырда. Рим империясының батыс бөлігі V ғасырда бөлінді. Дегенмен бұл дағдарыстар жаңа топ мемлекеттердің негізін қалау немесе өзгертуге мүмкіндік берді.

Б.з. 224 ж. Сасанидтердің ирандық жауынгерлер тобы, Парсы әулетін қуып шығып, тез арада өзінің одан да ірі Парсы империясын орнатты. Оңтүстік Азияда Гупта әулеті Ганг өзенінің аңғарындағы базасын кеңейіп, бес жүз жыл бұрын Маури императорлары сияқты субконтиненттің көп бөлігін біріктіріп алды. Рим империясының шығыс бөлігіндегі Византия 600 ж. дейін өмір сүрді. Бұл өзгерістердің басым бөлігі Ішкі Еуразия даласынан келген шапқыншылар әрекеттерінің салдарынан болған төңкерістерсіз өтпеді.

Қытайдан Жерорта теңізіне дейінгі ғасырлар бойы созылған империялар тізбегі монархтары Парсы елі мен Месопотамияның бөліктерін басқарған Парфияны қамтыды. Оқулық авторларының пікірінше, Ханьдық Қытай сияқты, Парфия үкіметі де үшінші ғасырда әскери және аристократиялық фракциялардың үзіліссіз шиеленістерінен әлсіреген.

## Ғұндар және Батыс империяның құлауы

Ғұндар және Батыс империяның құлауы мәселесін көтерген авторлар, Империяның батыс жартысы V ғасырда ыдырағанын, бірақ экономикалық дағдарыс немесе ресурстардың сарқылу салдары бұл жерде басты еместігін алға тартады. Керісінше, Рим провинцияларының көбі 400 жж. дейін экономикалық жағынан мықты көрінді. Материалдық шығынды археологиялық зерттеу және ауылдардың саны мен көлемін анықтау барысында осындай дәлелге келуге болады.

Италия және Галлия бұрынғы өркендеу деңгейіне қарағанда біртіндеп әлсіреді, бірақ Солтүстік Африкадағы (қазіргі Тунис, Алжир және Ливия бөлігі) бидай, май, шарап және жоғары сапалы экспортқа арналған керамика өндірушілері әлі де қызу жұмыста болды.

Шығыс Жерорта теңізі провинциялары VI ғасырға дейін елеулі экономикалық өсімді берді. Алайда өсім барлық адамдар үшін жақсы өмір сүруді білдірмеді. Халықтың 5%-дан аспайтын элиталық отбасылары өнімді жердің 80%-на иелік етті.

Диоклетиан қарапайым фермерлерге жоғары салық төлеткізіп, сенаторларды (оның реформаларына қолдау көрсеткендеріне) салық төлеуден босатты. Хань әулетінен кейінгі Қытай сияқты, тәуелсіз шаруалар саны жалдамалы қызметкерлер және құлдарға қарағанда төмендеуін жалғастырды.

## Сасандықтар: Парсы жеріндегі жаңа күш

Сасанидтер мемлекетінің пайда болуы жайында авторлар берген тұжырымдар өте қызықты. Хань билеушілері Ішкі еуразиялық көшпенділерді өздерінен қашықта ұстауға мәжбүр болса, Парфияндар Месопотамиялық қалаларды басқару үшін өз ресурстарын Рим легиондарымен күреске жұмсаған. 224 ж. Парфияндар режимі құлады, бірақ, Қытайдан айырмашылығы, оның аумақтары бөлшектенбеді. Керісінше, Зороастрияның діни қызметкерлерінің беделді мүшесі Ардашир I Иранның оңтүстік-батысында көтерілісті көтерді. Ол өзін Патшалардың Патшасы «Шахиншах» деп жариялап, Сасанидтер жаңа империялық әулетін тез арада құрып үлгерді.

Ежелгі парсы дәстүрлерінен Грек стиліндегі өнер мен әдебиетті жақтаған Парфия патшалары, Иранның ақсүйектік отбасыларын ортақ мақсатта біріктіре алмаған. Сасанидтер, керісінше, парсы мұрасын көтермелеуге құштар болған.



Ардашир – оңтүстігі Фарс облысындағы князьдердің бірі болатын. Таққа отырған соң, ол Ктесифон қаласын астанаға айналдырды. Парфян патшалығында тақ мұра арқылы көшіп отырса, жеке облыс басшылары вассалдық тәуелділікте болды. Жаңа Сасанид патшалығы бір орталыққа бағындырылған мемлекет болды. Ел олардың тұсында 18 сатрапқа бөлінді. Әр сатрап басында губернатор тұрды. Губернаторды патша өзі тағайындап отырды. Оны патша қалаған кезінде алып тастай алатын болды. Сондықтан губернаторлар патшаға толық тәуелді болды. Сонымен қатар, оның қатаң тәртіпке бағынған жеке жаяу әскері болды. Өзіне қарсы шыққан ақсүйектерді патша күшпен тоқтатып отырды. Кейде керісінше де болатын. Есебін таба білген ақсүйектер өздері қаламайтын патшаны тақтан тайдырып, оның орнына Сасанид әулетінің басқа өкілін таққа отырғызған. Жаңа әулеттің ресми астанасы Истахр немесе Персеполис болды. Бірақ тоқтаусыз жүріп жатқан соғыстарға байланысты Шахиншах мекені іс жүзінде шегара маңындағы Тигр өзені бойындағы Ктесифон (Бағдад маңында) болды.

Олар өздерін, б.з.д. VI–IV ғғ. басқарған әулет – күшті парсы Ахеменидтердің тікелей мұрагерлері ретінде жариялады. Бұл стратегия оларға аристократтардың қолдауын әкелсе керек. Мысалы, олар ертедегі Ахеменидтердің патшалық дәстүріне байланысты мотивтер мен суреттерді үлкен сарайлар, ғибадатханалар, қабірлер және тас мүсіндерді тұрғызғанда қолданды.

Жарты ғасырдан астам уақыт ішінде (224–272 жж.) мұрагерлікпен басқарған Ардашир мен оның ұлы Шапур I парфияндарға қарағанда әлдеқайда орталықтандырылған үкіметтік жүйені қалыптастырып, әділет, қаржы және әскери істер министрліктерін құрған.

## Зороастризмнің қалпына келуі

Сасанидтер де Ахеменидтер сияқты зороастризм дінін қолдады. Ежелгі пайғамбар Зороастраның іліміне негізделген бұл сенім, жақсылық пен жамандықтың арасындағы ұзақ ғұмырлық күрес Уақыттың Соңында жақсылықтың сөзсіз жеңісімен аяқталатындығын жариялады.

Сасанидтер өздерін Жоғары Жаратушы Құдай – Ахура Мазданың қызметшілері деп сипаттады. Олар империяның бүкіл аумағында Зороастралық ритуалдық өрт храмдарының құрылысын қаржыландырып, саяси бюрократиямен қатар, діни қызметкерлердің иерархиясын құрды және белгілі бір қызметкерлерге саяси кеңесшілер мен судьялар ретінде билік жүргізуге мүмкіндік берді. Мерзімді түрде бұл діни қызметкерлер бәсекелес діндерді басумен де айналысты.

## Сасанидтердің сыртқы саясаты

Алғашқы кезде Сасанид мемлекетінің сыртқы саясаты құлиеленушілік құрылыстың дамуымен сипатталды. Құлиеленушілік құрылыстың, шаруашылықтың ең басты шарттарының бірі жаулап алу соғыстары мен құлдарды тұтқындау болып табылды.

Ардашир I парфияндарға тиесілі болған жерлердің бәрін жаулап алды. Ардашир I тұсында Сасанидтер әскерлері Римдік Месопатияға, Сирия мен Кіші Азияға шабуыл жасап тізе бүктіртті.

Сасанидтер әскерлерінің шабуылына Кушан державасы әлсіреді. Хорасан мен Мерв оазисінде Сасанидтер билігі күшейді. Месопатамия мен Армения үшін Риммен болған күресте Сасанидтер әскерлерінің күші көбірек болды. Шапур I тұсында Риммен болған соғыс 260 жылы Сасанидтердің жеңісімен аяқталды. Қолға түскен тұтқындар мен Рим императоры Валериан тұтқындалып, құлдыққа сатылған. Олардың қолдарымен Карун өзені бойына үлкен Иран платиналары салынған.

Римді жеңген Сасанидтердің Закавказьедегі ықпалы күшейді. Шапур I Шығыста да көп жетістікке жетті. Шапурдың жазбаларында Сасанидтердің Орта Азия мен Шаш (қазіргі Ташкент) жеріне дейін жеткен туралы айтылады. Сасанидтердің территориясы Мерв оазисі Герата мен Сакастан таулы аймақтарына жеткен.



283 жылы Месопатамияға жүргізілген сапар сәтсіз аяқталды. Соның нәтижесінде Сасанидтер Арменияға өз ықпалын жүргізе алмады. Сонымен қатар Орта Азия тайпалары Сасанидтерге қарсы шықты.

IV ғасырда Рим мен Сасанид арасындағы жаңа жанжал пайда болды. Жанжалдың басты себебі – Армения жеріне билік жүргізу. Шапур II (310–379 жж.) римдіктердің ең мықты қамалдарын жаулап алды. 363 жылы Юлиан император басқарған римдіктер Сасанидтер державасына кенеттен шабуыл жасады. Бірақ бұл сәтсіздікпен аяқталды. 371 жылы римдіктерге қарсы соғыс басталды, ол 5 жылға созылды. IV ғасырдың соңында екі мемлекет Армения жері бойынша шешімге келді. Арменияның көп бөлігі, яғни 4/5 бөлігі Сасанидтерге, қалғаны Шығыс Рим империясына (Византияға) тиесілі болды.

IV ғасырдың аяғында Иран қоғамында әлеуметтік қозғалыстың күшеюі мен ішкі жағдайдың өзгеруі Сасанидтер мемлекетінің сыртқы саясатына әсер етті.

**V ғасырдың аяғындағы ішкі жағдай.** Халықтарды эксплуатациялау күшею нәтижесінде қауым шаруашылығына зиян келді. Шаруашылықтың құлдырауы елдің экономикасына кері әсерін тигізді. Кейбір деректерде былай айтылады: «Пероза (459–484) билігі тұсында өзендер мен арықтар тартылып қалды», малдардың барлығы аштықтан қырылып, адамдардың өздері ашаршылықты бастарынан кешті». Қауымды кенеттен эксплуатациялаудың салдарынан ауылшаруашылығының дамуы тоқтады.

Ақсүйектердің күш көрсетуінен және қауымды эксплуатациялаудың жоғарылауынан қауым мүшелері ғана емес, «Азаттар» қиыншылық көрді. Азаттар мен қауым мүшелеріне мемлекеттік қызмет және әскери қызметті атқаруға рұқсат етілмеді. Сондықтан V ғасырда азаттар мен декхкандар құлиеленуші таптарға қарсы шықты. Декхкандар мен азаттар белгілі бір әлеуметтік топты құрды. Ақсүйектерге қарсы соғыста шаханшах осы әлеуметтік топқа сүйенді. Осы ақсүйектердің саяси ықпалын жоюға, әлсіретуге тырысқан Ездигирде I (399–420) болып табылды. Ездигирде I көптеген ақсүйектерді репрессияға ұшыратқан. Бірақ оның ұлы Бахрам V таққа отырғанда ақсүйектердің ықпалында болып, өз әкесінің ісін теріске шығарды.

Сасанидтер державасының әлсіреуін пайдаланған Орта Азия және Кавказдың көшпелі тайпалары оларға шабуыл жасады. Біраз уақыт Сасанидтер көшпелі тайпалардың шабуылына төтеп бере алды. Бірақ Пероз шаханшах тұсында жеңіліске ұшырады. Алғашында Пероз эфталиттерге біріншісінде үлкен контрибуция төлеп, оларға өзінің ұлын Каваданы кепілдік ретінде қалдырды. Екінші рет жеңілісінде Пероздың әскерлері түгелдей қырылып, шаханшахтың өзі де мерт болды. Осы соғыстың нәтижесінде эфталиттер Сасанидтер патшалығының Шығыс бөлігін өзіне қаратып алды.

Ашаршылық пен әскери жеңілісті басынан кешірген елде халық көтерілістері басталды. V ғасырда басталған ең қауіпті шаруалар қозғалысының бірі, сол кездегі Батыс Азиядағы тарихи оқиғаның бірі Маздакит қозғалысы болып табылады.

Ат үстіндегі ғұндар жайында авторлар бұл мәселені бірнеше аспект тұрғысынан қарастырады. «Ғұндар Аландарға, Аландар Готтар мен Таифалдарға, Готтар мен Таифалдар Римдіктерге шабуыл жасады және бұл тізім әлі де аяқталмайды». Миландағы христиан епископы Амвросий шамамен 378 жылғы жазбасында, осы байқауды жасағаннан кейін жүз жыл алдындағы Еуропадағы оқиғалардың дәйектілігін дәл сипаттады. IV ғасырда Рим әскерлері Дунай мен Рейн шегараларын тек германдық халықтың қалыптасуынан ғана емес, сонымен қатар, алыс Еуразиядағы соғыс пен қоныс аударулардың әсерінен қорғауға мәжбүр болды.

Хунну империясының ыдырауынан шыққан пасторлық көшпелі топтардың бірі – «ғұндар» деп аталатын мигранттардың еркін жиналысы болды. Ерлер, әйелдер, балалар мен жануарлардың жиынтығы 360 жылға таман Понт-Каспий даласы жеріне қарай батысқа ұмтылды.

## Қарулы миграциялар, V–VI ғасырлар

Ғұндық сарбаздар иран тілінде сөйлейтін Алан шабандарымен соғысып, олардың кейбіреуі батысқа қарай қашып, оңтүстік-шығыс Еуропадағы Гот фермерлеріне шабуыл жасауына әкеледі. Ғұндар Аландардың артынан қуып, Готтар үшін де қиындықтарды тудырды. 376 жылдың жазында мыңдаған Готтар Дунай өзенінің солтүстік жағалауына келіп, Рим империясынан Балқан түбегіндегі қауіпсіздік территориясына өтуіне рұқсат сұрайды.



Рим билігі бұған рұқсат берді, бірақ, бірнеше айдың ішінде азық-түлік пен қысқы баспаналары жоқ көшіп-қонушылар көтеріліс бастайды. Бұл тәртіпсіздік жеті жылға созылып, 378 ж. басты оқиғасы орын алды. Готтың жауынгерлері, империясы, ал енді христиан құдайы императорлық биліктің рухани көзі ретінде ауысуы мүмкін еді.

Христиандық пен римдік заңдылық бойынша заң алдында бәрінің теңдігін растағаны да жағдайды өзгерте алмады. Аристократтар мен жоғары лауазымды тұлғалардың көбі христиан дініне ауысты. Дегенмен кейбіреулер үкіметтік лауазымдарға ие болу үшін ғана шоқынғаны сөзсіз.

Константин мен оның ізбасарлары епископтардың (шіркеу әкімшіліктерінің басшыларының) басқа басшылармен келіспеушіліктерін шешіп, шіркеу кеңестерін басқарып, христиан діні және тәжірибесіне қатысты заңдарды қабылдауға қатысты істерді басқарып отырды. Кейіннен 380 ж. император Ұлы Феодосий I ресми мемлекеттік дінді христиандық деп жариялады.

Кейіннен бір жағынан империя біртіндеп христиандыққа айналса, екінші жағынан, бір ғалым айтқандай, христиандық римлене бастады. Император мемлекет пен шіркеуді бірдей басқарып, Рим патшасын бес патриархтың бірі етіп тағайындады. Қалған төртеуі Константинополь, Антиохия, Иерусалим және Александрияда қызмет етті. Шіркеудің құрылымы империяның әкімшілік құрылымын көрсетті.

Садақ пен семсермен қаруланған, Ғұн кавалериясының ірі тобы Понт-Каспий аймағынан оңтүстікке қарай Кавказ тауларына дейін көтерілді. Осы жерден 390 жылдары Рим мен Парсы қалаларына қауіп төндіріп, Месопотамия мен Сирияға үлкен рейдтік экспедициялар ұйымдастырды.

Басқа Ғұндар батысқа қарай жылжып, Венгрияның шөпті жазықтарына 420 жж. қарай келді. Олар жергілікті герман және ішінара римданған халықтардан алым-салық жинап, өздерінің қоныстарын жайғастырып, тұрақты лагерьлер құрды. Олар сондай-ақ римдіктермен сауда жасап, кейбіреулері империялық әскерге көмекші атты әскерлер ретінде де қосылды.

## Германдық шабуыл

Ғұндар Орталық Еуропаға енген кезде, олар Миландағы христиан епископы Амвросий айтқан «әсерлі миграцияға» жол берді. Аландар мен Ғұндардың бос топтары қосылып, Эдирнеде Рим әскерін жеңді. Бұл қала Константинопольден 130 шақырымнан аз қашықтықта орналасқан. Римдік көзқарас «варварлар» тым жақын қашықтыққа жақындады деп санады.

Тарихшылар ғұндардың идентификациясын көп талқылап, олар моңғол немесе түркі тілінде сөйлеген деп есептейді. Қалай болғанда да, бұл орда көшу қон барысында әртүрлі этнолингвистикалық тамыры бар адамдарды жинап батысқа қарай аттанды.

Ғұндар туралы жазған римдіктер, әдетте, жағымсыз пікірде болғанымен, V ғасырда өмір сүрген ғалым Аммиан Марцеллин олардың өмір салтын былай суреттеген: «Олар тау және орман арасында өскен, бесігінен суыққа, аштық пен шөлге төзімділікке үйренген. Өз үйлерінен алыста болғанда ешқашан да үйге кірмейді. Өйткені олар шатыр астында тұрғанда өздерін қауіпсіз деп санайды. Олар өздерінің жылқыларына жабысып қалғандай көрінсе керек».

Шабуылшылар Карфагенге мыңдаған шақырымдай шығысқа қарай аттанып, жақсы Рим жолдарының көпшілігін пайдаланды. Солтүстік Африканың құлауы империяға қатты соққы беріп, бұл өңірдің ауылшаруашылығы жауынгерлер үшін қамтамасыз етудің көзін жойды.

## Ғұн Аттиласы

Ғұндар алдымен империямен соғысуға жанама ғана әсерін тигізді. Бірақ 440 жылға дейін аз уақытта билік Аттилаға көшті. Рим жауынгерлері оны – «қысқа бойлы, кең кеуделі және үлкен басы бар адам; оның көздері кішкентай, сақалы сирек және арасы сұр, жалпақ мұрынды және денесінің түсі қара», – деп сипаттады.



Аттила тұрақты Ғұн мемлекетін құрғысы келіп, оның Хонну ата-бабалары Хан Қытайының шегараларын сауынға ұшыратқан сияқты, Рим аумағынан алтын, тауар және құлдарды алу үшін негізгі салмақ салуға тырысты.

442–453 жж. аралығында ол империяға бірнеше әскерді жіберіп, римдіктерге ғана емес, оның жолында тұрған герман топтарын да шабуылдады. Атиланың күштері Рим қалаларын қоршап алу және басып алу дағдыларын көрсетті.

447 жылы ғұндар мен германдық легионерлерді қамтитын әскер, екі Рим әскерін бұзып, Константинопольға баратын жолдарды қорғайтын үш қабатты қабырғаға жақындады.

451–452 жж. Аттила Италиядан қалған жерлерге екі басқыншылық шабуылын бастады. Римдіктер мен германдық Визиготтар бірінші шабуылға тойтарыс беру үшін біріктіріксе, ал екіншісі эпидемия үшін тоқтады. Христиандық шежіреші апаттар туралы былай хабарлады: аштық пен қандай да бір ауру.

Келесі жылы Аттила күтпеген жерден қайтыс болып, қайсыбір ұлының шешуші көшбасшылығы болмағандықтан, жаңадан пайда болған империя тез құлады. Дегенмен, оның іс-әрекеттері Галлия мен Италияға қатты зақым келтіріп, Солтүстік Африканы өзіне кері қайтару туралы Рим жоспарларын бұзып, батыс империясының қалған бөліктерін Франк, Бургундия, Ломбардтар және Визиготты қамтитын герман тайпаларын босатты.

476 жылы Одоакр және басқа да герман әскерлерінің жетекшісі, Ромулус, бірнеше герман топтары, оның ішінде Визиготтарды, Вандалдарды, Свевтерді және Бургундтерді жылжытты. Кейбіреулер Италияға, ал басқалары Рейнді асып, Рим Галлиясына шақырусыз көп қонды.

Бұл иран тілінде сөйлейтін Аландарды қамтитын арандатушылық процесс 100 мың адам немесе одан да көп адамды және келесі бірнеше онжылдықта Батыс Еуропаның Галлия және Иберия азаматтарын қамтыды.

Солтүстік Еуропада, герман саксондары мен англдары кемелерді құрып, Солтүстік теңізді кесіп өтіп, Британияға шабуыл жасады. Шамамен 410 ж. арал Рим империясынан шығып кетсе де, римдік халық өмір сүруді жалғастырды. Сол жылы Гот жауынгерлері Римдік билікті қуып шықты, бірақ, шіркеулерді бұзуға бармады. Себебі көптеген басқыншылардың өздері христиандыққа айналған болатын.

429 жылы Вандалдар және Аландар Италияның үлкен бөлігін Остготтардан басып алып, Гибралтар бөгетіне дейін батысқа қарай орналасқан батыс Жерорта теңіз жағалауындағы қатысуды қайта күшейтті. Византия билеушілері осы аумақтардың кейбіріне XI ғасырға дейін билігін жалғастырды.

## Қорытынды

Сайып келгенде, Сасанид мемлекетінің дамуы басқа Қытай мен Жерорта теңізі және Оңтүстік Азиядағы саяси-экономикалық өзгерістерге орасан зор әсерін тигізгенін байқауға болады. Сасанидтердің сыртқы саясаты көбінесе жаңа жаулап алушылықтар мен жорықтарға басым болғанын көреміз. Мемлекеттегі ішкі процестер діни нанымдар, азық-түлік, климат және сауда жолдарына тәуелді болып отырды.

Ғұн империясының басқа афроауразиялық империялардан даму ерекшелігі басқыншылық саясатымен анықталды. Жалпы ғұндардың өмір салты мен әдеттері жаулап алушылыққа бейім еді. Дегенмен Атилла қайтыс болған соң, айтарлықтай өзгерістердің орын алғаны сөзсіз. Шаруашылық-мәдени типінің негізі – көшпелі малшаруашылығы. Мал өсіру, әсіресе, жылқы өсіру басты рөл атқарды. Сондай-ақ қой өсіру, аң аулау, егіншілік дамыды. Ғұндардың өмірінде көшпелі малшаруашылығының маңызы зор болған. Мал санының өсуіне байланысты мал өсірушілер жаңа аумақты игеруді және шұрайлы жайылымдарды алуды көздеді. Жайылымды жиі-жиі ауыстырып, малды барған сайын қоныстардан алыс жерге жаю күшейді. Қытай деректерінде олардың үй малынан жылқы, ірі қара және қой-ешкі өсірген, біразы түйе, есек ұстайтынын жазады. Олар үй малымен тамақтанып, олардың терісін киім, жүнін жамылғы есебінде пайдаланды.